

## Қарақұмық жармасының бағасын мемлекеттік реттеу мерзімін ұзартумен келісу туралы

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2020 жылғы 28 қаңтардағы № 22 шешімі

2019 жылғы 1 қарашадан бастап Беларусь Республикасының аумағында енгізілген қарақұмық жармасы бағасын мемлекеттік реттеу мерзімін ұзартуды келісу туралы Беларусь Республикасының 2020 жылғы 9 қаңтарда түскен өтінісіне байланысты және Бәсекелестіктің жалпы қағидаттары мен қағидалары туралы хаттаманың (2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа № 19 қосымша) 82-тармағына сәйкес Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасы **шешті**:

1. Беларусь Республикасында қарақұмық жармасы бағасын мемлекеттік реттеу мерзімін 2020 жылғы 30 қаңтардан бастап қоса алғанда 2020 жылғы 28 сәуірге дейінгі аралыққа – 90 күнге ұзартумен келісілсін.

2. Осы Шешім ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік 30 күн өткен соң күшіне енеді және 2020 жылғы 30 қаңтардан бастап туындайтын құқықтық қатынастарда қолданылады.

*Еуразиялық экономикалық комиссия  
Алқасының Төрағасы*

*Т. Саркисян*